Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақтеңізкөлікфлоты" Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызмет көрсету орны: Каспий теңізі

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Аралық төлем.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Электрондық шот-фактура;

2.4.3. Растайтын құжаттармен бірге шығыстардың барлық түрлерінің егжей-тегжейлі бөлінісін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бекітілген Р1 нысаны бойынша ресімделген орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі.

2.4.4. Өзара есеп айырысудың Салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Есеп шоты/фактура-шоты ұсынылған Қызметтер актісін негізге ала отырып жазып беріледі және атқарылуы бойынша айналым күнінен бұрын (ҚР салық заңнамасына сәйкес) және ұсынылған Қызметтер актісіне қол қойған күнінен 15 (он бес) күнтізбелік күнінен кешіктірілмей берілуге (күні көрсетіледі) тиіс.

2.7. Егер Тапсырыс беруші қандай да болмасын Қызмет көрсету/жұмыс орындау Актісін толықтай немесе ішінара даулаған жағдайда, ол Орындаушы осы жайлы тез арада хабардар етеді, ал Орындаушы даудың Тапсырыс берушінің пайдасына шешілуіне қарай Қызмет көрсету/жұмыс орындау Актісін дау тудырмаған сома бөлігінде қайтара жазып беруге тиіс. Тапсырыс беруші және Орындаушы дау тудырып отырған сомаларға қатысты және оларға түзетулерді енгізу үшін барлық даулы мәселелердің оң шешімін табу үшін барлық күш-жігерін салады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.8. Төлемақы жүргізу фактісі, төлемақы жүргізбеу немесе кез келген фактура-шотының төлемақысын жүргізуге қарсылық білдіру, кез келген дауды реттеу кезінде жүргізілген кез келген төлемдер немесе есептеулер, сондай-ақ осы іс-әрекеттің кез келген сабақтасқан жағдайлары Тапсырыс берушінің Орындаушы берген фактура-шоттарды мойындауы болып табылмайды. Тапсырыс беруші өз тарапынан кез келген төлемді жүргізеді, бұл жағдайда оның қалған уақытта төлемақы жүргізуге берілген есеп шотындағы соманың негізді болуын даулау құқығына ие болуы талабы қойылады.

2.9. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырмастан бұрын Тараптар Тапсырыс берушімен берілетін үлгілік нысан бойынша өзара есеп айырысудың Салыстыру актісіне қол қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіден өзара есеп айырысудың Салыстыру актісін алғаннан кейін оған қол қоюға және оны Тапсырыс берушіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарып беруге тиіс.

2.10. Орындаушымен өзара есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушы және Тапсырыс беруші арасында жасасқан барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленетін соманы біржақты тәртіппен мына сомаға азайту құқығына ие болатынына өз келісімін береді:

2.10.1. Орындаушының Тапсырыс беруші алдында өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Тапсырыс берушінің айыппұл санкциялары және/немесе шығындары;

2.10.2. Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешегі.

2.11. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.12. Шарт бойынша төлемақы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүргізіледі.

2.13. Тапсырыс беруші мен Орындаушының банктік деректемелері және/немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлама (хат) жолдау арқылы алдын ала хабардар етуге міндетті. Осы ретте Тараптар банктік деректемелердің және/немесе заңды мекенжайлардың өзгергені туралы осындай жазбаша хабарлама Тараптардың осы Шарт бойынша есеп айырысу және өзге де (заңды/нақты мекенжайлар) қатынастарына тиісті өзгерістер енгізу үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылатынын, сондай-ақ бұл жағдайда Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейтінін келіседі. Осы тармақта белгіленген хабарлама беру мерзімі бұзылған жағдайда немесе Орындаушы тарапынан төлемге арналған банктік деректемелер қате көрсетілген жағдайда, Тапсырыс беруші тарапынан қате деректемелер бойынша жүзеге асырылған барлық төлемдер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлем міндеттемелерін тиісінше орындағаны болып есептеледі. Бұл ретте, ақшалай қаражат Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылған жағдайда, Тапсырыс беруші қате деректемелер бойынша төлем жүргізу нәтижесінде туындаған құжатпен расталған қосымша шығыстар сомасын шегере отырып, тиісті ақшалай қаражатты Орындаушыға аударуға міндетті, бұл ретте көрсетілген шығыстарды Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

2.14. Салықтарға, баждарға және бюджетке жүргізілетін өзге төлемдерге қатысты ҚР заңнамасының өзгерістері жағдайында, Тараптар тиісінше Қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістерді енгізуге тиіс.

2.15. Әрбір Тарап өз аумағындағы барлық салықтар мен кез келген басқа алымдарды төлеуді жүзеге асырады.

2.16. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, төлем Салықтық шот-фактура ресімделместен, Орындаушы ұсынған және Тапсырыс беруші мен Орындаушы қол қойған Қызметтер көрсету/жұмыстар орындау актісінің еркін нысаны мен төлемге арналған шоттың/инвойстың негізінде, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төлем көзінен 20% мөлшерлеме бойынша (немесе қолданыстағы мөлшерлеме бойынша) ұсталатын корпоративтік табыс салығын шегере отырып жүзеге асырылады Осы ретте Орындаушы мыналарға құқылы: • егер табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салықтан жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасынан алынған табыстарға өзге салық салу тәртібі көзделсе, Қазақстан Республикасының бюджетінен ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасын дербес қайтаруды жүзеге асыруға; • Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Орындаушының резиденті болып табылатын елде салықты есепке алу мақсатында Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстар мен ұсталған (төленген) салықтар сомалары туралы салық органынан анықтама алуға. Мұндай анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де ала алады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі қолданылатын халықаралық шарттардың ережелерінде белгіленген тәртіппен Тапсырыс беруші Орындаушының табыстарын Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға құқылы.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2, № 4 Қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2, № 4 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде ұсынылатын Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылық үлесінің есептеулерін электрондық құжат түрінде (Веб-порталда беріледі) түпкілікті ұсынылған Қызметтер актісімен қоса Шартқа қоса берілген №3 Қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша беруге.

4.1.3. Шарт жасалған сәттен бастап күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде Қазақстан Республикасының Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында аккредиттелген жіктеу қоғамы берген компанияның сәйкестігі туралы (бұдан әрі - КСТ) қолданыстағы құжат ұсынылсын. Көрсетілген құжат ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.1.4. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметтер құнының есебін (шикі мұнайдың 1 метрикалық тоннасы үшін рейс бойынша жүк ставкасы және Шартқа № 5 Қосымшаға сәйкес өзге де мәліметтер ұсынылсын. Жүк мөлшерлемесі шарттың қолданылу мерзіміне көтерілуге жатпайды.

4.1.5. Жүк көлік құралдарының осы Шартқа № 2 Қосымшаға сәйкес техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

4.1.6. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.7. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.8. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін біліктілігі, тәжірибесі мен құзыреттілігі бар мамандарды тарту.

4.1.9. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.10. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.11. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.12. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.13. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.14. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 1.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Сақтандыру шарты, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.15. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.16. Шарттың және оның қосымшаларының талаптарына сәйкес Қызметтердің тиісті деңгейде және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге;

4.1.17. Тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін еңбектің тепе-тең жағдайларын қамтамасыз етуге, оның ішінде:

4.1.17.1. кемсітушілікке, соның ішінде Орындаушының, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын ортақ орындаушыларының арасында еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.17.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған Орындаушының және оның ортақ орындаушылары қызметкерлерінің адам саны және қызметтері туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша олардың азаматтығын көрсете отырып беруге;

4.1.18. Қызметтердегі елішілік құндылық үлесі туралы ақпараттың дәйекті берілуіне кепілдік беруге;

4.1.19. Шартта көзделген Қызметтерді орындамау немесе тиісінше орындамау, соның ішінде оларды уақтылы және сапалы орындамау үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші алдында жауапкершілікке тартылу.

4.1.20. Тендерлік өтінімге сәйкес ортақ орындауға берілуге рұқсат етілген көлемді қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін кім болса соған толықтай не ішінара бермеуге;

4.1.21. Ұсынылатын Қызметтер тиімділігінің деңгейіне Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің талаптарынан төмен болмайтындай кепілдік беруге;

4.1.22. Шарт бойынша Қызметтерді ұсыну кезінде жол берілген бұзушылықтар үшін толықтай жауапты болуға, сондай-ақ экология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартылуына әкеліп соқтыратын Орындаушының және/немесе бірлесе орындаушылардың заңнама бұзушылықтары үшін уәкілетті мемлекеттік органдармен салынған кез келген өндіріп алу шараларын (соның ішінде айыппұл санкциялары) толық көлемде өтеуге, сондай-ақ экологиялық салдарды толықтай жоюға, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи ресурстарды қалпына келтіруге;

4.1.23. Шарт талаптарын тиісті деңгейде орындамаумен, сондай-ақ басқадай заңсыз іс-әрекетпен туындаған барлық келтірілген шығындарды өтеуге; Құзырлы мемлекеттік органдардың немесе басқадай кез келген үшінші тұлғалардың Орындаушы ұсынған Қызметтерге кінәрат-талап қойған және осының нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынған немесе қандай да болмасын шығындар сомасын өндіріп алу талабы қойылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) және шығындар сомасын тез арада өтеуге тиіс;

4.1.24. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып ұсынуға міндетті, соның ішінде тиісінше салықтар мен міндетті төлемдердің дұрыс есептеп шығарылуын, сондай-ақ салық есептемесінің дұрыс түзіп жасалуын және салық органына уақтылы берілуін қамтамасыз етуге; Орындаушы Шарттың осы тармағын және өзге талаптарын тиісті деңгейде орындамаған, соның ішінде дәйексіз ақпаратты берген жағдайда, ол Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осымен байланысты келтірілген шығындарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтарды және айыппұл санкцияларын өтеуге тиіс; Шығындарды өтеу бойынша міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде іс-әрекетте болады;

4.1.25. Осы Шартқа қол қойған күнне бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.26. Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнің ішінде № 6 Қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен (бұдан әрі - ЖІӨ)танысуға құқылы екенін растайды: 1. "Сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат", 2. "Алкоголь және есірткі саясаты" (Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

https://kmtf.kz/ru/); 3. "Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт" (оларды Тапсырыс беруші шартқа қол қойылған күннен бастап 24 сағат ішінде беретін болады). Орындаушы ЖҰӨ мәнін толық түсінетіндігін, сондай-ақ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде оларды сақтайтындығын куәландырады.

4.1.27. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.28. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Тапсырыс берушіден Қызметтерді ұсыну үшін қажетті ақпаратты және ІНҚ алуға.

4.2.8. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде осы Шартқа Орындаушының өкілдерін танысу үшін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып (№ 6 қосымша) ұсынсын.

4.3.6. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.5. Орындаушыдан ұсынылатын қызметтер туралы толық және шынайы ақпаратты сұратуға және алуға;

4.4.6. Бұзушылықтар анықталған кезде Орындаушыға көрсетілген қызметтер бойынша негізделген ескертулер ұсыну;

4.4.7. Көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын тексеру аудит жүргізу, Шартта қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қызметтердің тиісінше көрсетілмегені туралы ескертулер жіберу.

4.4.8. Орындаушы барлық анықталған бұзушылықтарды жойғанға дейін тиісті сапасыз қызметтер көрсеткен жағдайда көрсетілген қызметтер актісіне қол қоймау;

4.4.9. Осы Шарттың міндеттемелері мен талаптарын бұза отырып, орындаушы көрсеткен қызметтерге ақы төлеуден бас тарту.

4.4.10. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.11. Орындаушы осы Шарт бойынша қызметтерде елішілік құндылық бойынша есептілікті ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қоймауға, Орындаушы Тапсырыс берушіге уақтылы төлемегені үшін Санкциялар көрсетпей, Орындаушыға төлемді тоқтата тұруға құқылы;

5. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде, сондай-ақ еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар

5.1. Орындаушы мыналарға міндетті:

5.1.1. Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Тапсырыс берушінің еңбек қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы реттеуші құжаттарына сәйкес көрсетуге (қамтамасыз етуге) міндетті.

5.1.2. Тапсырыс берушінің, мемлекеттік бақылау органдарының, өзге мүдделі тұлғалардың алдында еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі талаптарының сақталмауы, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдаланбау және еңбек қатынастары саласында бұзушылықтарға жол беру нәтижесінде туындайтын оқиғалар мен салдардың ықтималдығы үшін толықтай жауапты болуға;

5.1.3. Орындаушының және оның қызметкерлерінің қызметі нәтижесінде орын алған оқиғалардың салдарынан Тапсырыс берушіге мемлекеттік бақылаушы органдарымен залал орнын өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу бойынша талап қойылған жағдайда, Тапсырыс берушіге залал сомаларын және айыпұлды төлеумен байланысты барлық шығыстарды толық көлемде өтеуге;

5.1.4. Жүктерді тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтау.

5.2. Оқиғалар, ағымдағы көрсеткіштер және тергеу жүргізу туралы хабарлама беру саласында:

5.2.1. Барлық оқиғалар, соның ішінде дәрігерлік көмекке дейін және (немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайлары, Тапсырыс берушінің алкогольдік ішімдіктерге, есірткіге, психотроптық және осыған ұқсас заттарға қатысты саясатын бұзушылыққа жол беру жағдайлары туралы мәліметті Тапсырыс берушіге олардың анықталған сәтінен 1 сағаттан кешіктірмей дереу хабарлауға;

5.2.2. Оқиғаларды тергеу жүргізуді заңнамалық талаптарына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес ұйымдастыруға. Оқиғаларға тергеу жүргізу заңнамалық талаптармен және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарымен белгіленген тәртіппен, қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің өкілдері, сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысатын комиссия арқылы жүргізіледі. Тергеу жүргізу комиссиясының жұмысына қатысудан бас тартуға жол берілмейді.

5.3. Жеке бас қорғанысының құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және оларды қолдану саласында:

5.3.1. Орындаушының барлық қызметкерлері жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етіледі және Қызметтерді көрсету кезінде оларды пайдалануға тиіс.

5.4. Алкогольді, есірткіні және улы заттарды қолдануға тыйым салу:

5.4.1. Орындаушы мыналарға міндетті:

5.4.1.1. Алкогольдік, есірткі немесе улы масаңдық жай-күйінде болған персоналдың Қызметтерді ұсынуына жол бермеуге (Қызметтерден шеттету);

5.4.1.2. Қызметтерді ұсыну жеріне және персоналдың жайғасып тұрған жерлеріне алкогольді, есірткіні немесе улы заттарды алып келуге және олардың осы жерлерде болуына жол бермеуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.5. Еңбек қатынастары саласында:

5.5.1. Шарт бойынша Қызметтерді ұсыну барысында Орындаушы Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттенеді;

5.5.2. Орындаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда қызметтерді ұсыну процесін уақытша тоқтатуға тыйым салынады.

5.5.3. Қызметтерді ұсынуға тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге еңбек дау-тартыстары туындаған жағдайда Орындаушы осы сияқты жағдаяттармен байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5.5.4. Қызметкерлердің жұмысын еңбек дау-тартыстарының туындаған кезеңінде ұсынылатын Қызметтер толықтай тоқтап қалмайтындай тәртіппен ұйымдастыруға міндетті. Орындаушы Тапсырыс беруші алдында міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді қажеттігіне қарай тартуға міндетті.

5.5.5. Ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге еңбек дау-тартыстары кезінде іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, оны Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Қызметтерді ұсыну кезінде мерзімін кешіктіруді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті.

5.5.6. Орындаушының күшімен реттеуге келмейтін еңбек дау-тартыстары туындаған жағдайда, ол дауды тез арада шешу үшін Тапсырыс берушімен осы іс-әрекетін алдын ала келісе отырып жеке қаражаты есебінен білікті медиаторларды немесе білікті мамандарды тартуға міндетті.

5.5.7. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге қызметкерлердің ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпаратты және құжаттаманы (дәлелді ұстанымы, талаптарды қанағаттандыру мүмкіндігіне ие болмауын растайтын құжаттар және т.б.) беруге тиіс.

5.6. Орындаушының еңбек қатынастары саласында ілеспе міндеттемелері:

5.6.1. Орындаушы мыналарға міндетті:

5.6.1.1. еңбек ұжымында жағымсыз әлеуметтік-тұрмыстық сипатындағы көріністердің туындау факторларының, себептерінің, жағдайлары мен алғышарттарының ықтималдығын анықтау және оларды тіркеу мәніне үздіксіз мониторинг пен оның жағдайын талдауды жүзеге асыруға;

5.6.1.2. Тапсырыс берушіні қандай да болмасын әлеуметтік-еңбек дау-жанжалдары туындаған немесе туындауы мүмкін жағдайлары туралы хабардар етуге; осы ретте, қызметкерлердің өкілдерімен келіссөз жүргізуге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес туындаған жағдайдың оң шешімін табу бойынша шараларды алуға;

6. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы Қызметтерді (Қызметтердің кезеңін) аяқтағаннан және Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге қол қою үшін Көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ Шарттың №3 Қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қызметтердегі ел ішіндегі құн үлесінің нақты есебін (қорытынды Акт бойынша) және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген фактура-шотын жолдайды.

6.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесе отырып ұсынылған Қызметтердің сапасы мен көлемін 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеруді жүзеге асырады және ұсынылған Қызметтерді ұсынылған Қызметтер актісі бойынша қол қою арқылы қабылдап алады.

6.3. Тапсырыс беруші ұсынылған Қызметтер актісін онлайн-платформасын қолдана отырып Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен электрондық пішімде талап етуге, ал Орындаушы оның келісілуін жүргізуге және оған қол қоға міндеттенеді.

6.4. Қызметтерді қабылдап алу мезгілінде Шарттан ауытқу жағдайлары, соның ішінде Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан өз таңдауына қарай мыналарды талап етуге құқылы:

6.4.1. Ұсынылған қызметтердің кемшіліктерін Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өтеусіз тәртіппен жоюға;

6.4.2. Барлық кемшіліктерді Тараптар жеке Актіде не болмаса Қызметтерді қабылдап алуды растайтын өзге құжатта не болмаса Орындаушыға оларды жою мерзімін көрсете отырып жазбаша нысанда жолданған Тапсырыс берушінің хабарламасында баяндайды.

6.5. Ұсынылған қызметтерді қабылдап алу рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтижелер алынған сәтіне дейін қайталанып отырады. Осы ретте, Тапсырыс берушінің осы шарт бойынша Қызметтердің төлемақысын жүргізу бойынша міндеттемелері осы сияқты рәсім мерзіміне мөлшерлес мерзімге ұзартылады. Орындаушы ұсынылған Қызметтердегі кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеу құқығына ие болады.

6.6. Тапсырыс беруші және Орындаушы арасында ұсынылған Қызметтердегі кемшіліктерді немесе олардың себептерін жоюға қатысты

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

дау туындаған кезде Тараптардың бірінің талап етуімен сараптама белгіленеді, сараптамамен Шарт бұзушылықтары немесе Орындаушының іс-әрекеті мен анықталған кемшіліктердің өзара себепті байланысы анықталмаған жағдайларды қоспағанда, оның шешімі екі Тарап үшін орындалуы міндетті болады. Сараптамамен шарттың бұзушылықтары немесе Орындаушының іс-әрекеті мен анықталған кемшіліктердің өзара себепті байланысы анықталмаған жағдайларды қоспағанда, сараптаманы жүргізу үшін шығыстарды Орындаушы өз мойнына алады. Басқа жағдайларда сараптама бойынша шығыстарды оның тағайындалуын талап еткен тарап өз мойнына алады, ал егер сараптама тараптардың өзара келісімі бойынша тағайындалған жағдайда – екі тарап оны теңдес төлейтін болады.

6.7. Анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілері Шарт бойынша ұсынылған Қызметтер актісіне қол қояды.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Орындаушы көрсетілетін қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтердің кемшіліктері болмайтынына кепілдік береді.

7.2. Орындаушы Шарттың барлық әрекет ету мерзімі ішінде қызметтердің сапалы ұсынылуына кепілдік береді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушы өз шарттық міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші келесі санкцияларды қолдануға құқылы: Шартты бұзу және/немесе Тапсырыс берушіге төменде көрсетілген мөлшерде айыппұл төлеу.

8.3. Орындаушының жауапкершілігі:

8.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.3.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

8.3.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

8.3.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.3.5. Орындаушының қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын бірлесе орындаушыларға еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу бойынша міндеттемелердің орындалмаған жағдайында, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісінше қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 2000 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.3.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін көрсетілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған қызметтердің жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.3.7. Осы Шартты орындау кезінде Шарттың 8-бөлімінде көзделмеген өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде айыппұлды төлейді.

8.3.8. Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2. тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың 8.3.7. тармағында көзделген айыппұлды төлейді.

8.3.9. Орындаушы Шарттың 8.2. тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/ айыппұлды/ өсімпұлды төлеу туралы талаптардан бөлек Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2. тармағына сәйкес біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

8.3.10. Тапсырыс беруші Қызметтердегі кемшіліктерді өз күшімен және жеке қаражаты есебінен жойған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге осы сияқты шығындарды өтейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.4. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

8.5. Егер Орындаушы Шарттың 4.1.14-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Шарт өз қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші өнім берушіні таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

8.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.6.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.6.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ Шарт сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.

8.6.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

8.6.4. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдап алуды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде өсімпұлды төлейді, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан жоғары болмауға тиіс.

8.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

8.8. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.10. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

8.11. Тұрақсыздық айыбының төлемақысын Орындаушы Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қойған тиісінше жазбаша хабарламаны және төлемақы жүргізу шотын алған сәтінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде төлейді. Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін берген есеп шоты ұсынылған Қызметтер үшін төлемақы жүргізу бойынша және тұрақсыздық айыбының төлемақысын жүргізу бойынша біртектес қарсы талап қоюларды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысу актісіне енгізілуі мүмкін.

8.12. Егер Орындаушы Қызметтердің уақтылы орындалмауы немесе Орындаушының бүкіл Қызметтерді немесе оның ішінара бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсімен болғанын дәлелдеген жағдайда, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолдану/өндіріп алу құқығына ие болмайды.

8.13. Шарттың 8-бөлімінде көзделген жағдаяттардың бірі немесе бірқатары басталған кезде Тапсырыс беруші бірнеше айыппұл санкцияларын бір мезгілде шектеусіз қолдану құқығына ие болады.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстыөзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

9.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.4. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

9.3.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

9.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

9.5. Шартты бұзу Орындаушының банкрот деп жарияланған, төлем жүргізуге қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ Қызметтерді ұсыну құқығын беретін рұқсат құжаттарының (лицензиялар) іс-әрекеті тоқтатылған/болмаған, сондай-ақ Орындаушыда Қызметтерді ұсыну құқықтарынан айыратын басқадай құжаттардың болған жағдайларында тез арада жүзеге асырылады. Осы тармақтың іс-әрекеті Тапсырыс берушімен Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерді орындауын шектейтін сот актілерін, сот атқарушыларының қаулыларын негізге ала отырып қолданылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9.7. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісінше жазбаша хабарламаны Шартты бұзудың жорамалды күнінен кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күні бұрын жолдайды. Хабарламада Шартты бұзу себептері көрсетіледі, күшін жойған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні баяндалады. Шарт осы жағдаяттарға байланысты бұзылған кезде Орындаушы төлемақыны тек қана Шартты орындаумен байланысты нақты шығындар үшін бұзу күніне талап етуге құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарт талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептемелер, сұраныс хаттар, талаптар, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқадай хабарламалар уәкілетті тұлғаның ЭҚТ қол қойған және Орындаушының электрондық поштасына электрондық түрде ресми жолданған жағдайларды қоспағанда, пошталық хабарламасымен қоса алдын ала беріледі және қолма-қол немесе тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық пошта арқылы олардың түпнұсқасын кейіннен жолдау арқылы факс/электрондық нұсқасы алынған күнінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде табысталады. Егер Шартта Орындаушының электрондық поштасы тікелей көрсетілмеген және Орындаушы Тапсырыс берушіге оны бермеген жағдайда, Орындаушының ресми электрондық поштасы болып Веб-порталда көрсетілген электрондық поштасы саналады. Осы Шартқа сәйкес немесе осы Шартпен байланысты барлық хат-хабар алмасу бойынша бүкіл құжаттарда Шарттың нөмірімен қоса Тараптардың деректемелері көрсетілуге тиіс.

10.2. Электрондық және/немесе тапсырыс пошта, курьерлік пошта, жеделхатпен немесе факспен жолданған (бұдан бұрын алынғаны расталмаған кезде) кез келген хабарлама оның берілген сәтінде алынғаны туралы белгісімен жеткізілген болып саналады.

10.3. Тапсырыс хатпен (әуе) жолданған хабарлама жеткізілген болып поштаның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны соғылған жағдайда саналады.

10.4. Тараптар заңды мекен-жайына, нақты мекен-жайына және банктік деректемелерге қатысты мәлімет өзерген жағдайда, олар осы жайлы бір-бірін дереу хабардар етуге міндеттенеді.

11. Шарттың мерзімі

11.1. Осы Шарт 01.01.2027 жылдан бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамағаны үшін жауапкершіліктен, егер осы орындамаушылық еңсерілмес күш жағдаяттарының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқадай дүлей апат, эмбарго, соғыс немесе соғыс іс-қимылы, диверсия, терроризм, Қызметтерді ұсынуға тыйым салатын немесе қандай болмасын өзге жағдайлармен кедергі болатын мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің өз күшіне енуі) салдарынан болса босатылады, бұл жағдайда осы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жағдаяттардың Тараптардың еркіне байланысты болмауы және кез келген Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкіндігіне ие болмауы талабы қойылады.

12.2. Еңсерілмес күш жағдаяттары туындаған кезде кез келген Тарап екінші Тарапты олардың туындаған күнінен 5 (бес) күнтізбелік күні ішінде осы жағдаяттардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Осы жағдаяттар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен берілетін құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмес күш жағдаяттары, сондай-ақ осы жағдаяттармен туындаған салдардың әрекет ету мерзіміне мөлшерлес мерзімге кейінге қалдырылады.

12.4. Шарттың 12.2. тармағында баяндалған тәрітппен хабардар етпеу немесе уақтылы хабарлама бермеу Тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатуға негіздеме болатын кез келген жоғарыда көрсетілген жағдаятқа сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.5. Тараптар міндеттемелерді 2 (екі) айдан асыра толық немесе ішінара орындау мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысу жүргізуге құқылы.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартты орындауға байланысты Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Қазастан Республикасының заңнамасына сәйкес даулар Маңғыстау облысының Мамандандырылған аудан аралық экономикалық сотында шешіледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Орындаушы мыналар туралы ескертпелердің сақталуына кепілдік береді:

14.8.1. мемлекетпен байланысты тұлға (болып табылады/болып табылмайды) және лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не болмаса тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызды тұлғалардың (болуы/болмауы). Орындаушы Тапсырыс берушіні қандай да болмасын Саяси маңызды тұлғаның Орындаушының лауазымды тұлғасы немесе оның қызметкері болған не болмаса Орындаушының тікелей немесе жанама қатысу үлесін сатып алған барлық жағдайлары туралы тез арада жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

14.8.2. қандай да болмасын заңсыз мақсаттарда құрылмаған және қаржыландырудың тек қана заңды көздеріне ие заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылды;

14.8.3. орындаушы және оның үлестес тұлғалары алаяқтықпен немесе сыбайлыс жемқорлықпен байланысты қандай да болмасын заңсыз іс-әрекет жасағаны үшін сотталмаған немесе осы үшін кінәлі болып танылмаған; егер Орындаушы немесе оның қандай болмасын Үлестес тұлғалары осы сияқты заңсыз іс-әрекеті үшін сотталғаны немесе кінәлі болып танылғаны туралы Тапсырыс берушіні тез арада хабардар етуге міндеттенеді;

14.8.4. Орындаушы осы Шартта белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың өз қызметкерлері, тартылатын үшінші тараптар (соның ішінде, қосалқы мердігерлер/бірлесіп атқаратын орындаушылар, агенттер мен өкілдер) тарапынан сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында жарияланған сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттармен танысқанын растайды, сондай-ақ олардың мазмұнын ұғынғанын куәландырады және осы Шартты орындау барысында оларды басшылыққа алуға міндеттенеді.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қоя отырып, Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлемақы туралы ақпарат құпия болып табылмайтынын және үшінші тұлғаларға веб-портал және/немесе уәкілетті органдардың және Қазақстан Республикасының ұйымдарының өзге ақпараттық жүйелерінде қолжетімді болатындығына өз келісімін берді. Осы Шарт бойынша Тараптармен берілетін және/немесе қолданылатын өзге құжаттама және ақпарат құпиялы болып табылады және Тараптар осы ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда оны екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беру құқығына ие болмайды.

15.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты қоса алғанда, бірақ осымен шектелмейтін, соның ішінде Тапсырыс берушінің қызмет көрсетуші контрагент-банктерінің банк көшірмелерінің үзінділерін байланыс арналарының осыған талап қойылған хаттамаларын қолдана отырып деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жолдау арқылы төлем деректемелері және оның егжейлі-тегжейлілігі туралы ақпаратты «Самұрық-Қазына» АҚ ашып жария ету құқығына ие болатынына өз келісімін берді.

15.3. Осы бөлім сот органдарының сұранысы бойынша және Шарт мәніне қатысты сотта іс қарау барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша құпиялы ақпаратты ашып жария ету жағдайларына қатысты қолданылмайды.

15.4. Тараптар Шарттың әрекет ету мерзімі ақталған күнінен 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

16. Санкциялық ескерту

16.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы: (a) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

16.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

16.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

16.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

16.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

16.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

16.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной валюте жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 16.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 16.5 және 16.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

16.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной валюте жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны басқа валютада («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

16.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 16.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша басқа елдің баламалы Ұлттық Банкі жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

16.10. Шарттың санкциялық міндеттемелер бөлігінде іс-әрекеті Шарттың жалпы әрекет ету мерзіміне қарамастан, Шарт бұзылған, одан бас тартқан, іс-әрекеті жарамсыз деп танылған, әрекет ету мерзімі аяқталған немесе тұтастай бұзылғаннан кейін толықтай күшінде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болады.

17. Басқа шарттар

17.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде түзіп жасалды және қағаз тасығышта қол қойған, заңды күшіне ие болатын нұсқасына теңдес болып саналатын Тараптардың уәкілетті өкілдерінің «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ электрондық сатып алулар порталы https://zakup.sk.kz/ арқылы электрондық сандық қолтаңбасын қою арқылы жасасты. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында мәтіндердің әркелкі оқылуы туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні артықшылық мәнге ие болады.

17.2. Шарттың барлық қосымшалары, өзгерістері мен толықтырулары оларды жазбаша нысанда жасасқан және Шарттың 17.1. тармағына сәйкес Тараптардың уәкілетті өкілдері олардың электрондық түріне қол қойған жағдайда оның ажырамас бөлігі болып табылады.

17.3. Орындаушы Тапсырыс берушіні Қызметтерді ұсыну нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залалдың орнын өтеу талаптарынан және кәнірат-талаптардан қорғайды, сондай-ақ шығындарға және Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігіне және денсаулығына залал келтірумен, сондай-ақ өз қызметкерлерінің өліміне байланысты және Шартты орындау барысында және оны орындау салдарынан туындайтын бүкіл тәуекел үшін жауапты болады.

17.4. Тараптардың Шартта көзделмеген, жаңа міндеттемелерге әкеліп соқтыратын кез келген уағдаластықтары, егер олар Шарттың 17.1. талаптарына сәйкес осыған уәкілетті Тараптардың өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде расталса, жарамсыз болып саналады.

17.5. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түзіп жасалады және реттеледі. Шарт талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

17.6. Қайсы-бір Тарап Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беру құқығына ие болмайды.

17.7. Шарттың және оған қоса берілген қосымшалардың мәтіндеріне түсінік беруде қандай да болмасын айырмашылықтар, келіспеушіліктер болған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні артықшылық мәнге ие болады.

17.8. Осы Шартқа қол қоя отырып, Орындаушы оның барлық талаптарын қабылдайды және оларды толық көлемде тиісінше орындауды өз міндетіне алады.

17.9. Шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады:

17.9.1. №1 Қосымша – Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің тізбесі;

17.9.2. №2 Қосымша – Техникалық ерекшелік;

17.9.3. №3 Қосымша – Елішілік құндылық үлесі жөніндегі есептеме нысаны;

17.9.4. № 4 Қосымша - "BPVoy-3" Рейс чартернің шарты;

17.9.5. № 5 Қосымша- Коммерциялық шарттар;

17.9.6. № 6 қосымша-танысу парағының нысаны;

18. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Қазақтеңізкөлікфлоты" Ұлттық теңіз кеме қатынасы	_____
компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	_____
Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., 14 ш.а, 70 гимарат	_____
БСН 981240000488	БСН _____
БСК ATYNKZKA	БСК _____
ЖСК KZ559490001044510001	ЖСК _____
«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)	_____
Тел.: +7 (729) 253-5890	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
1 У	Теңіз жүк көлігінің қызметтері, Теңіз жүк көлігі қызметтері	Халықаралық мұнай тасымалдау	1.000	1.000	-		2 027 719 008	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., г.Актау, Каспийское море	-	01.2027 бастап 04.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Национальная морская судоходная компания "Казмортрансфлот", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Место оказания услуг: Каспийское море

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет _____ (_____) _____ и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

2.3.1. Промежуточный платеж.

2.4. Оплата за оказанные Услуги, в том числе окончательный расчет по Договору, производится в срок не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания сторонами Акта (-ов) оказанных Услуг (далее - Акт оказанных Услуг) и предоставления следующего (их) документа (ов):

2.4.1. Расчет внутристрановой ценности на весь объем Услуг, оказанных в рамках Договора в форме электронного документа (предоставляется в информационной системе АО «Самрук-Қазына», обеспечивающей проведение электронных закупок (далее – Веб-портал) вместе с окончательным Актом оказанных Услуг);

2.4.2. Электронной Счет-фактуры;

